

“ҚАЗАҚТҮРІКМҰНАЙ ЛТД” БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРНЫНЫҢ МҰНАЙДЫ ӨТКІЗУІ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 5 сәуір
1994 ж. N 332

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. “Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнына ұңғымаларды сынама пайдаланудан және табылған кен орындарын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдаланудан алынған мұнайды әлемдік баға бойынша экспортқа шығаруға рұқсат етілсін.

2. Кен орындарын сынама және тәжірибелік-өндірістік пайдалану нақты кен орнын әзірлеудің бекітілген жобасы бойынша белгіленген тәртіппен жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі “Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнына экспортқа мұнай шығару лицензиясын Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің келісімі бойынша белгіленген тәртіппен берсін.

4. Былай деп белгіленсін:

экспортқа шығарылған мұнайдан түскен валюта экспорттық кеден баждарын төлегеннен кейін және Банкаралық валюта биржасы арқылы сатудан соң “Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнына тиесілі кен орындарында мұнайды барлауға және өндіруге жұмсалуды тиіс.

“Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнының қызметіне салық салу республиканың қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

5. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары А.Ә.Жабағин “Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнына, “Мұнайгаз” мемлекеттік холдинг компаниясымен альянста көмірсутегін өндіруге және өндіру шартын жасауға, өнімді бөлуге, тасымалдауға, өңдеуге, экспортқа шығарушыға және көмірсутегін сатуға құқық беру үшін құрамында Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының әкімдері, Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің, Экономика министрлігінің, Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің, Энергетика және отын ресурстары министрлігінің, Экология және биоресурстар министрлігінің, Қаржы министрлігінің, “Мұнайгаз” мемлекеттік холдинг компаниясының, “Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнының өкілдері бар үкіметтің келісім жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрсын.

6. Премьер-министрдің орынбасары А.Ә. Жабағинге “Қазақтүрікмұнай ЛТД” бірлескен кәсіпорнымен көмірсутегін өндіру, тасымалдау, экспортқа шығару және өткізу туралы шартқа қол қою өкілеттілігі берілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК